**Андатпа.** Мақалада анимацияның бала аудиториясының дүниетанымын қалыптастыру құралы ретіндегі тәрбиелік принциптері қарастырылады. Мультфильмдер мазмұнының функционалдық әсерінің алуандығы мен жанрлық әралуандылығына баса назар аударылады. Мақаланың келесі маңызды бөлігінде шетелдік және ресейлік мультфильмдерге, олардың әлеуметтік кеңістіктегі тәрбиелік және танымдық рөліне салыстырмалы талдау жасалады. «Балапан» мемлекеттік телерадиоарнасында ең көп көрсетіліп жатқан «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетелдік анимациялық фильмдерден бөлек, біздің қазақстандық мультфильмдер, олардың рухани-адамгершілік тәрбие жоспарындағы рөлі қарастырылады. Бұл мақалада «ВВС», «Жарусель» және «Никеледеон» сияқты әйгілі әлемдік компаниялардың шетелдік анимациялық фильмдерді түсіру және қаржыландыру мәселелері талқыланып, көрермендердің контентін талдау маңызды. Мультфильмдерде рекреативті, ақпараттық және мәдени қалыптастыру функцияларын біріктіру маңызды. Сондай-ақ, «рекреация», «функция», «идеология», «мәдениет» ұғымдарының мазмұны анықталды. Жоғарыда аталған функциялар арқылы анимациялық фильмдердің мазмұнын жоғары сапалы деп айтуға болады. Тақырыптың пәнаралық ерекшелігі жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады. Зерттеудің нәтижесінде анимацияның негізгі аудиторияға әсер ету принциптері жүйеленді. Анимация қозғалыс елесін беру үшін кескіндер мен сызбалар ретімен орналастырылған және ойнатылған кезде пайда болады. Білім берудегі жана тенденцияларға байланысты анимацияны білім беруде қолдану барған сайын танымал бола түсуде. Күрделі ұғымдарды меңгеруді жеңілдетуге ықпал етеді. Білім берудегі анимация оқыту үшін көрнекі құралдарды пайдаланады. Балаларға білім туралы нақты түсінік беру үшін көрнекі құралдар арқылы дерексіз ұғымдарды береді. Білім берудегі анимацияның көрнекті ерекшелігі оның балаларға көрнекі әсері болып табылады. Заманауи балаларға бұрынғы баяу қозғалыстағы мультфильмдер қызық емес. Дегенмен, анимациялық бейнелер қысқа және тек сәйкес мазмұнды қамтиды, бұл балалардың назарын аударады. Білім берудегі анимация дерексіз ұғымдарды виртуалды шындық арқылы көрсетеді. Білім берудегі анимация балаларға басқа жағдайда қауіпті болатын эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді. Виртуалды шындық бейнелері нәтижелердің толық дәлдігімен нақты эксперименттерді көрсетеді.

**Кілт сөздер:** балалар, мультфильмдер, білім, дүниетаным, ойын-сауық.

**Кіріспе.** Өскелең ұрпақтың өмірінде анимациялық фильмдер әрқашан маңызды орын алады. Мультфильм – балалар аудиториясына айналасындағы өмір туралы түрлі-түсті және қызықты ақпаратқа толы балама шындықты ұсынатын ерекше өнер туындысы. Бұның ішінде ойыншықтар мен ойындар әлемі, сүйікті хоббилер, спорт, ойын-сауық, ғылым және т.б. туралы ақпараттар бар. Балалар үшін қазіргі өмірдің бір бөлігіне және күнделікті әдетке айналған анимациялық фильмдер көру үрдісі сол баланың ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі. Бүгінгі күнде кішкентайларға аса қажетті

мультфильмдер тек ойын-сауық көзі ғана емес, сонымен қатар оқу процесіне де қатысты. Сапалы білім беретін анимациялық фильмдер кітаптармен қатар маңызды ақпараттар бере алады. Яғни, заман талабына, бүлдіршіннің жас ерекшелігіне қарай берілетін ақпарат көздерінің болуы (анимациялық фильмдер, кітаптар, журналдар, кинофильмдер) баланың ойлау қабілетін айтарлықтай байытады. Бұл оның кейінгі өміріне, қоғамның бір мүшесі болып қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Кез келген тақырыптағы, хоббиден бастап ғылым немесе техникадағы жаңалықтарға дейін қамтылған жоғары сапалы бейнематериалдарды оқу және көру баланың ойлау жүйесіне, оның сыни көзқарасын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік туғызады.

Осындай ықпалдастық функциясы мол заманауи анимация туралы сөз болғанда, біздің күрделі және алуан түрлі құбылыс туралы айтатынымыз анық. Қазіргі таңда анимациялық кино индустриясының қарқынды дамып келе жатқандығы белгілі. Жоғарыда атап өткеніміздей, мультфильмдер балаларға әртүрлі тақырыптар мен идеяларды ұсынады, бұл жас көрермендердің қоғамдағы, әдебиет пен мәдениеттегі болып жатқан құбылыстар туралы өз пікірлерін қалыптастыруына көмектеседі. Демек, бұл өнер шығармасы комедиялық сарынымен балалардың көңілін көтеріп қана қоймайды, олар өз аудиториясын тәрбиелейді, тіпті өзекті мәселелерді түсінуді ұсынады. Мысал ретінде қазіргі әлемдегі адамзаттың ролін немесе орнын, экологиялық проблемаларды айта аламыз. Жалпы анимациялық фильмдер балаларға басты мәселелерді анық түсіндіреді, сондықтан шығарманың ойы мен идеясы көрушіге бұлыңғыр, дерексіз немесе түсініксіз болып көрінбейді. Мысалы, режиссер С.Кимнің «Жасыл жарық» фантастикалық CGI мультфильмі экологиялық апаттың ауқымын, оның қатерлілігін түрлі-түсті көріністер арқылы жеткізеді. Аталмыш шығарма негізгі ойды сөзсіз жеткізетін ескерту болып табылады. Мұндағы басты идея – табиғатты қорғау. Бұл ғаламшар тұрғындарының басты міндеті. Демек, балалар аудиториясы үшін мұндай мультфильмдердің құндылығы өте жоғары.

**Материалдар мен әдістері.** Анимациялық фильмдер әртүрлі жанрларда жүзеге асатын алуан түрлі ақпарат көзі болып табылады. Мультфильмдердің мақсаты – ұрпақтың көңілін көтеру, ақпараттандыру, тәрбиелеу. Қазіргі уақыттағы ғаламтор ғаламшардың түкпір-түкпіріне еніп кеткен жаһандану кезеңінде жас ұрпақты өміріміздегі аса байқала бермейтін құбылыстарды тануға бағыттау өзекті бола бастады. Жасөспірім тек бір мемлекеттің немесе контингенттің тарихы мен заманауи өмір сүру дағдысы туралы біліммен ғана шектеліп қалмауы керек. Анимациялық фильмдердің мәні мен маңыздылығы, қажеттілігі осы жерде анық байқалады. Олар балалардың ой-өрісін кеңейте отырып, әлем туралы, қоршаған орта туралы бұған дейін білетін ақпараттары мен идеяларын тереңдетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мультфильмдердің БАҚ мәтіні ретінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына айтарлықтай әсері бар. Әрбір баланың қабылдауы үшін қол жетімді графиканың нәтижесінде мультфильмдер білім берудің ең оңтайлы құралы болып саналады. Бұл дегеніміз – шығарманың сюжеті көрініс сайын өзгеріске түсіп отыратын модельдер мен сызбалар арқылы балалардың назарында ұзақ уақыт бойы сақталады деген сөз. Шындығында, мультфильмдер

бүгінгі балалар аудиториясы өмірінің көптеген аспектілерін қалыптастырды. Сол сияқты анимациялық фильмдер баланың сөздік қорын қалыптастыруға белсенді түрде әсер етеді. Мәселен, қазіргі кезде фильмдердің, мультфильмдердің, әлеуметтік желілердің және блогосфераның нәтижесінде олардың лексиконында бұрын ойға келмеген түрлі терминдер мен жаргондардың қалыптасқандығын байқауға болады.

Сонымен бірге осы тұста балалар аудиториясының қарым-қатынас дағдылары туралы айтып өткеніміз жөн. Бұл жерде ең алдымен мультфильмдердің баланың сыртқы әлеммен қарым-қатынас стилін үйрететіндігі ойға оралады. Ең алғашқы мультфильмдер қысқаметражды фильмдер болды және кинотеатрларда басты көрсетілім ретінде көпшілікке ұсынылды. Өнердің осы түрі дамыған сайын аниматорлар Disney Channel, Nickelodeon, Cartoon Network сияқты телеарналарда жарты сағатқа жуық уақытқа созылатын отбасылық шоулар жасауды қолға алды.

**Зерттеу нәтижесі.** Мультфильмдердің тәрбиелік әлеуеті зор және балаларды адамгершілік құндылықтар әлеміне бағыттауға көмектеседі. Жалпы анимациялық өнерді оқытудың ең тиімді жолы туралы пікірталастар өте көп. Бұл пікірталастар білім анимациялық графика арқылы берілуі керек пе немесе дәстүрлі академиялық әдебиеттердің көмегіне жүгінген дұрыс па деген сауал төңірегінде өрбіген. «С помощью анимации мы можем претворить в жизнь свои ребяческие фантазии или самые эксцентричные миры, которые только способны вообразить. В анимации модно полностью реструктурировать реальность. Рисунки, пластилин, кукол и компьютерные изображения можно заставить выглядеть настолько реально, что захочется поверить. Будто они и вправду живые» (Смирнова 2014:4-11). Тілдерді және басқа пәндерді тезірек үйрену үшін, балаларға анимациялық кейіпкер дос немесе мұғалім әрекет еткен, табысты болады. Мысалы, американдық анимациялық сериясы «Дора іздеуші», «Дара саяхатшы» және «Алға Диего, алға!» балалар аудиториясына көп нәрсе үйретті. Бұл анимациялық фильмдер 2000 жылдардың бірінші онжылдығында теледидарда көрсетілді және жоғары рейтингке ие болды. Бұл сериялар 1,5-6 жас аралығындағы аудиторияға арналған, мақсаты ағылшын және испан тілдерін үйрету болды. Мультфильм кейіпкерлері Дара (Даша), оның немере ағасы Диего, лақ Борка, Карта, игуана Исаның көмегімен кішкентай көрермен шет тіліндегі сөз тіркестері мен сөздерді үйренді. Сериал кейіпкерлері жай ғана шоу қатысушылары емес, олар проблеманы шешуге көмектесу туралы өтінішпен көрермендерге жүгінеді. Бұл үндеу формасы көрермендерді кейіпкерлер ойынына тартады және ағылшын тіліндегі негізгі сөз тіркестері мен сөздерді есте сақтауды жеңілдетеді. Қазақстан мен Ресей аумағында балалар көрермендері бұл сериалды Карусель және Николодиум телеарналарынан тамашалауға мүмкіндік алды. Ал Дора мен Диего туралы дискілерді сатудан түскен алым дүние жүзінде 1 миллиард доллардан асады (Диего Маркос).

Анимация режиссерлері балалар аудиториясының жаңа тәжірибені іздеуге бейімділігін көптен бері айтып келеді. Оған қол жеткізу үшін шебер тандалған идеяның, тамаша эффектілердің, жоғары сапалы сценарий мен жарқын қаһармандардың болғаны маңызды. Бұл құрамдас бөліктер жас көрерменді сүйікті кейіпкерінің соңынан еруге, оған еліктеуге, сонымен бірге жаңа құрылғылар мен құбылыстарды үйренуге шақырады. Мультфильмдер көрерменнің назарын өзіне ұзақ уақыт бойы

аударатын қызықты шоу түріндегі ақпараттарды береді. Мектептердегі оқытудың академиялық стилін меңгеру өте көп уақытты қажет етеді және мұғалімдерден материалды ұсынуда актерлік тәжірибе мен әңгімелеу қабілетінің болуын талап етеді. Дыбыстық және визуалды әсерлерімен сүйемелденетін танымдық, анимациялық сериалдар көрерменге күрделі материалды оңай қабылдауға көмектеседі.

**Талқылануы.** 2000 жылдардың басында «Динозаврлармен серуендеу» ([www.extinct-animals.fandom.com](http://www.extinct-animals.fandom.com)) 3D-анимацияланған BBC телехикаясы ғылыми танымал фильмдер әлемінде сенсацияға айналды. Бұл CGI – үш өлшемді компьютерлік графика саласындағы үлкен серпіліс болып, сериалдың жоғары табысы BBC Worldwide-ді The Walks жаңа эпизодтарын шығаруға итермеледі. Сондай-ақ, балалар аудиториясы арасында палеонтология тақырыбына үлкен қызығушылық тудырды. Бұл көркем шығарма Юра кезеңдерінің тұрмысы мен болмысын, динозаврлар дәуірінен кейінгі жануарлар дүниесінің алуан түрлілігін және қазіргі гомоның алғашқы ата-бабаларының пайда болуын кеңінен ашып берді. Мұндағы күрделі терминдерді, географиялық атаулар мен күндерді ағылшын аудиториясы үшін актер Кеннет Брана, ал орыс тілді аудитория үшін тележурналист Николай Дроздов дәлме-дәл жеткізді. BBC сериясы 3D анимация түріндегі күрделі әрі академиялық мазмұнды синтездеу арқылы аудиториялар қаншалықты тартымды болатынын дәлелдеді.

Материалды берудің қызықты, ойын тәрізді түрлері балалардың маңызды әрі қажетті мәліметтерді тез есте сақтауына ғана емес, сонымен қатар болашақта оларды білім шекарасын кеңейтуге, тақырып бойынша жаңа ақпарат іздеуге, тіпті жеке шығармашылығын көрсетуге ынталандырады. Мәселен, жас жеткіншектер аудиториясы әрқашан сериалдың сүйікті кейіпкерлері туралы көбірек білуге ұмтылады, олар туралы кітаптарды ықыласпен сатып алады және олардың суретін салуға тырысады. Стивен Хилленбургтің комикстеріне негізделген танымал анимациялық фильм, Губка Боб шаршы шалбары 1999-2019 жылдар аралығында, яғни жиырма жыл бойы көрсетіліп, анимациялық сериялардың ең ұзақ өмір сүрген рекорды болды. Мейірімді Боб көрерменді өзінің шытырман оқиғаларымен жаулап қана қоймай, олардың Тынық мұхитының су асты әлеміне деген үлкен қызығушылығын тудырды. Оны жасаушы С. Хилленберг – Дана Пойнт қаласында теңіз биологиясынан сабақ берген және өзінің комикстері арқылы балаларға мұхиттың байлығы туралы айтқысы келген океанолог. «Спанч-Боб» анимациялық сериалы көрерменнің су асты әлеміне деген қызығушылығын тудыруымен қатар, кейіпкерлердің бейнелері мен әрекеттері арқылы қазіргі жас ұрпақтың адамгершілік құндылықтары мен стереотиптерін қалыптастырды. Спанч-Боб мультфильмінің блокбастері жаңа ғасырдың екі онжылдығындағы рекордтық туындылар санатына жатады. Аталмыш шығарманың бірнеше маңызды функциялары бар, соның ішінде тәрбиелік функциясын ерекше атап өтуге болады. Спанч-Боб кейіпкерінің көрерменді еңбекқорлыққа, жанқиярлыққа, қателіктерді кешіруге, достыққа, оптимизмге, өзін және достарын қорғай білуге үйретуі осыны айғақтайды. Спанч Боб тек қана көңіл көтеріп қана қоймайды, сонымен қатар аудиторияның талғамын дамытады, эстетикалық көзқарасын арттырады. Оның күлкілі көріністері баланың кез келген қиындықтарды жеңіл қабылдауына және достарға көмектесу қаншалықты маңызды екендігі туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Сапалы мультфильмнің мазмұны балалар аудиториясына белсенді әсер ететін бір-қатар мүмкіндіктерге ие әрі мұның бірнеше функциялары бар:

1. Рекреациялық – ойын-сауық. Мұны негізгі функция деп танымыз. Өйткені балалар аудиториясы қызықты ақпарат алуға бағытталған. Мысалы, әйгілі «Пэддингтонның шытырман оқиғалары» мультфильмінде Ұлыбритания астанасындағы Оңтүстік Америкалық аюдың баласының шытырман оқиғасы баяндалады. Ондағы басты кейіпкер – тұманды Альбионды бағындырған басқа әлемнен келген қаңғыбас. Ал, көрермен қонжық арқылы Лондон әлемімен және оның тұрғындарымен танысады.

2. Мәдени-қалыптастырушы. Мәдениет (латын. Cultura - өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Бұл сөзде адам еңбегінің ерекшелігі, оның адамның іс-әрекетімен байланыстылығы, адамның және оның қызметінің бірлігі негізделген. Кейіннен «мәдениет» деген сөз жалпылық маңыз алды, адам жасағанның бәрін де «мәдениет» деп атады. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетілді. Мәдениет – адам жасаған «екінші табиғат». Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс (<https://kk.wikipedia.org/wiki/>). «Fixies» анимациялық сериясында (Fixies – бұл технологияның ішінде өмір сүретін кішкентай адамдар) басты кейіпкерлер өзінің көрерменіне тұрмыстық техниканың, табиғат құбылыстарының және т.б. барлық құпияларын ашады. Дәл осындай функция жас жеткіншектердің бойына адамгершілік құндылықтарды дарытуға, ұжымдағы қарым-қатынас дағдыларын арттыруға және өмірдің мәнін философиялық тереңдікте іздеуді қалыптастыруға арналған. Мысалы, «Смешарики» философиялық-әзіл-оспақ анимациялық сериалында кейіпкерлер бір-бірімен жарасымды өмір сүру тұрғысынан таңғажайып шеберлік танытады.

3. Идеологиялық функция. Баланың рухани тазалыққа деген ұмтылысын, отансүйгіштік сезімін тәрбиелеу – бүгінгі қазақ ұлтының өзекті мәселесінің бірі. Көптеген мультфильмдерде халықтың мәдениеті мен тарихына, туған жерге қатысты ортақ тақырыптар көтеріледі. «Балапан» телеарнасы ұзақ жылдар бойы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында отаншылдық туралы айдармен қазақ ертегілерінен алынған мультфильмдер көрсетіп келеді. Туған халқының тарихын анимациялық фильмдер арқылы өскелең ұрпаққа насихаттау өскелең ұрпақтың өткен ғасырлардағы тарихи тұлғалар туралы білуіне көмектеседі. Ақын Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде: «Халқын сүйген білімді адамдар заттар мен құбылыстардың байланысын анықтайды. Олар болашақ перспективаларды болжай алады» (Көшенова 1995: 24), – деп жазады. Осы негіздегі, яғни идеологиялық қызметі айқын көрсетілген мультфильмдерді мамандандырылған «Балапан» телеарнасынан жиі көруге болады. Қазіргі уақытта бұл бағдарлама республиканың ең шалғай деген аймақтарындағы кішкентай көрермендерге де қолжетімді.

Негізінен бұл арнаның негізгі міндеттері:

- балаларға қазақ халқының мәдениеті туралы мағлұматтар беріп, санасына ұлттық болмыс туралы ой қалыптастыру;
- жас ұрпақтың өз халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы білімін арттыру;
- өз Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру;
- ана тілін меңгеруге баулу, яғни қазақ тілін дамыту.



Телеарнада қазақ тілінде отандық, американдық, ресейлік өндірістің мультфильмдері көрсетіледі. Сонымен қатар қазақстандықтардың отбасын қамтитын зияткерлік, спорттық жобаларға да көп көңіл бөлінеді. Мұның барлығы бала тәрбиесі үшін аса маңызды деп айта аламыз.

Жалпы анимация өнері өзінің даму жолында сан алуан жанрларды қалыптастырды, олар: ертегі, детектив, фабула, философиялық астарлы әңгіме, очерк, фелъетон, поэма, әлем классиктерінің шығармалары және т.б. Әрине аталмыш жанрлардың бірегейлігі мен өзіндік ерекшеліктері бар. Әсіресе маңыздысы – мультфильмдердің балалар аудиториясының танымдық дамуына қаншалықты әсер ететіндігінде. Көбінесе бұл әсер балалардың мінез-құлқында көрінеді:

1. Танымдық дағдыларды дамыту, атап айтқанда, пайымдау, логика, ақпаратты көру-есту арқылы қабылдау және зейінді шоғырландыру. Мультфильмдердің мазмұны бала психологиясының даму кезеңіне және оны қоршаған ортадағы болып жатқан шындыққа сәйкес келсе, әсер ету үрдісі әлдеқайда тиімді болады. Психологтар баланың нақты тәжірибесіне және жасына сәйкес келетін мультфильмдер оның когнитивті санасына оң әсер ететінін анықтады. Демек, танымдық дағдыларды дамыту барысында ойлауы, түсінуі, есте сақтауы, зейіні жасөспірімнің бойында белсенді түрде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау процесінің дамуы қоршаған органы жақсы қабылдауына байланысты. Көрген заттарының түсін, көлемін салыстыру арқылы абстрактылы логикалық ойлауы жақсы дамиды. Яғни елестету арқылы заттардың түрін тани алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетінің дамуына ересектердің әсері зор. Ересектер балалардың сұрақтарына жауап бере отырып, шешімін табуға, қабылдауға, талдауға, ойлауға үйрету керек (Жақсынқаева 2014, 184).

2. Түрлі түстермен оқу мотивациясы, оқытудың жаңа интерактивті әдістерін ашар: «Дора ізденуші» ойынындағы «тышқанның» көмегімен ашық түстер және тоқтап тұратын кадрды көрсету.

3. Тілдік қабілеттердің дамуын ынталандыру, сөздік қорын, дикциясын молайтуға көмектесу. Әдетте бұл шет тілдерін оқытуда, өлеңдер мен балладалар айтылатын мультфильмдерде байқалады. Мысалы, Р.Л. Стивенсон балладасының желісі бойынша режиссер И. Гурвич түсірген «Хизер бал» мультфильмін (1994) айтуға болады. Мұнда С.Маршактың аудармасындағы көне балладаның виртуоздық тұсаукесері бар. Сол сияқты мемлекеттік тілді үйренемін деушілерге нұсқаулық ретінде қазақ тіліндегі көптеген қазақ мультфильмдері жасалды: «Алдар көсе», «Ақсақ құлан», т.б. Сондай-ақ, «Мультитипедия», «Үш мысық» және т.б мультфильмдерде ағылшын тіліндегі диалогтар мен монологтар көрерменге кәсіби деңгейде жетіп, ағылшын тіліндегі әндер шебер орындалады.

4. Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Н.Носовтың «Винтик пен Шпунтик – көңілді шеберлер» (1960) шығармасы бойынша түсірілген мультфильмнің әсері көрерменді оқуға, шығармашылыққа баулиды, шабыттты оятады.

5. Көңіл-күйге оң әсер ету, сенімділікті арттыру. Анимациялық өнердің шығармашылық функциясы осы жағдайда көрінеді. Балалар аудиториясын мультфильм кейіпкерлерінің күлкілі әрекеттері, олардың қуаты мен ерік-жігері, шытырман оқиғалар желісі өте қызықтырады. Бұлардың ерекшелігі – психологиялық тұр-

ғыда жасайтын режиссер-аниматорлардың (мысалы, Ю.Норштейн) жұмысында философиялық бағытының болуында жатыр.

6. Балалар аудиториясының интеллектуалдық деңгейін және эмпатиясын арттыру. Көрерменді мифологиядағы бейтаныс деректермен, басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен таныстыру. Сол арқылы баланың қиял әлемін байытып, батырлыққа, мейірімділікке баулу. Мысалы, «Коко құпиясы» мультфильмі немесе Ежелгі Грецияның Геркулес, Тесей, Персей және басқалардың ерліктері туралы мифтерге негізделген кеңестік мультфильмдер сериясы мейірімділік пен жанашырлыққа үйретеді. Немесе «Акайро» мультфильмі көрерменді жанашырлыққа, адамгершілікке үйретеді.

Жоғарыда айтылғандай, мультфильмдер қоғамды ақпараттандыруда әрқашан маңызды роль атқарды. Кез келген адам айналада не болып жатқанынан хабардар болуы керек. Әрбір бала ерте жастан бастап әртүрлі әлеуметтік құрылымдардың: отбасының, мектептің, қатарластарының, қала, ел ішіндегі жалпы мәдени ортаның ықпалында қалыптасады. Ал, балаларға арналған мультфильмдер – баланы қоршаған ортаның көрінісі. Бұқаралық ақпарат құралдары, кинематография негізінен ересектерге қатысты ақпараттық, ойын-сауықтық функцияларды орындайды және ересек адам өз таңдауын қалай анықтау керектігін біледі. Осы тұста болашақ қоғамның тұтқасын ұстайтын жеткіншектерге, оның тәрбиесі мен рухани өміріне баса назар аудару мәселесінің тұрғаны анық. «The culture, in the entirety of its components herewith acts as a most important factor of sustainable development, and because of that, preservation of cultural codes, traditions and national customs gains tropicality. The continuity of generations is provided for, in particular, by restoration and development of national customs and rituals which accumulate centuries-long experience of the nation» (Tuyakbaeva P 5182-5197). Анимациялық фильмдердің басты қызметі мен қажеттілігі де осыған байланысты.

Балаларға арналған мультфильмдер келесі функционалдық әсерге ие: ақпараттық, тәрбиелік, көңіл көтеру, тәрбиелік. Мұның барлығының нәтижесі қай қоғам, қандай ұлт болмасын өзіне қажетті саналы азамат қалыптастыру болып табылады. Негізінен жаңа мыңжылдықтағы мультфильмдер әртүрлі тың тақырыптарды қамтиды. Олардың тәрбиелік қызмет атқарып, көрерменге ғылым, мәдениет, өнер, спорт, тіпті қаржылық сауаттылық туралы баяндауы өте маңызды. Қазір уақыт аса жылдамдықпен алға жылжып, сол ізбен қоғам да аса қарқынды түрде дамып келеді. Сапалы мультфильмдер IT-технологиялар әлемін, шетел тілдерін, тіпті қаржы әлемін ашып отыр. Біз анимациялық фильмдер мысалында «Қаржылық сауаттылық ABC» журналындағы Босс Бэйбидің, Скрудж Макдактың, Үкі апайдың және оның көмекшілерінің бейнелері мен ғибратты дәйексөздерінің қаншалықты қызықты екендігін көреміз. Қазіргі балалар осындай ақпараттың алуан түрлілігімен қаныққан әлемде өсіп келеді. Заманауи балалар мультфильмінде қоғам өмірін көрсететін мазмұн бар. Өкінішке орай, ата-аналардың көпшілігі бір жағдайға мән бермейді. Қазіргі таңда көптеген балалардың әлемді өте ерте зерттей бастайтыны белгілі. Мұндай таным процесі әлеуметтік желілер, басылымдар, телебағдарламалар мен бейнематериалдар арқылы өтеді. Демек, балалар ересектер әлеміне тартылады. Ал, бұл дегеніміз – ересек аудиторияның тәжірибесіне негізделген. Өз кезегінде жасөспірімдерге арналған мультфильмдер, көркемфильмдер, журналдар сол балалардың дамуын оңтайландыру мақсатында әртүрлі дағдыларды дамытуы керек. «Выбирая мультфильм как способ передачи ре-

бёнку новых знаний, важно помнить, что увиденное на экране должно соотноситься с тем, что происходит в реальной жизни ребёнка. Темами мультфильмов может быть жизнь животных, повседневная жизнь людей, их семейный уклад, мир игрушек и знакомых ребёнку предметов, которые он может встретить в своей повседневной реальной жизни (домашние животные, грузовики, бетономешалки, живая природа и так далее). *Мультфильм может принести пользу, если он соответствует той стадии развития, на которой находится ребёнок*. (Власенко) Психологтардың зерттеулері балалардың белгілі бір жаста дамуына қолайлы мультфильмдер мазмұнының сипатын қадағалаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Мультфильмдер – әлеуметтік-эмоционалдық, танымдық, тілдік дағдыларды дамытудың бірегей көзі. Ал, жай ғана балаларға арналған мультфильмдер жеткіншектер аудиториясының маңызды аспектілерін ойнақы және түсінікті форманы пайдалана отырып, қарапайым әдістермен сапалы түрде жеткізуі керек. Мұны олар қабылдай алады, яғни оның идеясын, айтар ойын түсінеді. М.Бахтиннің пікірінше, «Білімді өзі арқылы жүзеге асыру және «өткізу» мүмкін еместігі жоғалған ақпарат» (Бахтин 1979: 423).

Негізінен балалар арналған мультфильмдерде өзінің құрбыларымен және ата-аналарымен қарым-қатынас қуанышын ашатын материалдар бар. Сол жерде олар әлем туралы түсінік қалыптастыруға, қоршаған ортаны білуге бейімделеді. Сол үшін анимациялық фильмдерде теңгерімді ақпарат болуы керек. Бұл ақпарат сау баланың дамуы үшін ойын арқылы оқытудың маңыздылығын қамтиды. Ойынның қауіпті болуы немесе білім беруде белгілі бір мәдени қарым-қатынастың болмауы дисфункционалды тұлғаның қалыптасуына себеп болуы мүмкін. Адам өмірі үшін, оның тұлға болып қалыптасуы үшін сондай маңызды саналатын мультфильмдер көрерменді кейіпкерлер әлеміне батырады. Сол көркем шығармадан көрген жағымды тұстардың оның санасына сіңіп кетуі үшін бала көргенін тез түсініп, талдап үйренуі қажет. Ол дәл көрген кездегідей жарқын детальдар мен фактілерді есте сақтап қана қоймайды, сонымен бірге көргені мен естігенін талқылайды. Материалды түсінудің бұл түрі тек балаларға ғана емес, ересектерге де пайдалы. Көргенді талдау, пікір алмасу ойлауды дамытады, өз көзқарасын қорғауға үйретеді және есте сақтау қабілетін шыңдайды. 2000 жылдары ОРТ телеарнасының эфирінде «А.Гордонмен жабық көрсетілім» телебағдарламасы көрсетілді. Алғашында әлеуметтік маңызы бар тақырыптар аясында түсініксіз фильмдер назарға ұсынылды. Одан кейін телебағдарламада актерлер, киносыншылар, режиссерлер және фильмді талқылауға ниет білдірген көпшілік бірігіп, талдау жұмысын жасады. Бұл телебағдарлама көрерменге ең даулы фильмдерді әртүрлі қырынан қарауға көмектесті. Дәл сондай көркем шығарманы өзара талдау-талқылау үрдісі арқылы балалар көрген материалды барынша қарқынды түрде қабылдайды. Мысалы, кеңестік кезеңде 1-арнада «Ертегіге бару» телебағдарламасы ұзақ жылдар бойы тұрақты тележүргізуші В.Леонтьевамен бірге көрсетіліп тұрды. Ертегінің немесе мультфильмнің соңында «Валя апай» әрқашан көрерменнен кейіпкерлердің суретін салуды және ертегі туралы өз пікірін хатқа жазуды сұрайтын. Осындай қарапайым тәсіл көптеген жасөспірімнің түсінуіне, логикалық ойлауына, қиялын дамытуға, өз көзқарасын білдіруге үйренуіне жол ашқан болатын. Демек, даналық, білімге құштарлық бала кезден-ақ бойға сіңеді екен.



**Қорытынды.** Жалпы алғанда анимациялық фильмдер балалар аудиториясына теріс және жағымды әсер ететін көпфункционалы құбылыс, сонымен бірге мультфильмдер маңызды тәрбиелік әлеуетті алып жүре алады. Осы тұста ерекше атап өтерлігі, қазіргі таңда «Балапан» телеарнасында көрсетілетін отандық анимациялық фильмдер ана тілін, ұлттық тарихты, салт-дәстүрді дәріптеуге негізделген идеялық тәрбиелік-тәрбиелік қызметтерді белсенді атқарып отыр. Отандық мультфильмдердің мазмұнын ғылыми және жаратылыстану тақырыптарына, мәдениет пен өнерге бағыттаса, сол сияқты балаларға қарапайым әрі қызықты тілмен жеткізуге болатын басқа да күрделі әдістер арқылы түрлендірсе әлдеқайда қызықты болады деген ойдамыз. Себебі, қазіргі технологиямен бірге адам санасы да жылдам дамып отырғаны жасырын емес. Бұл жағдайда елімізде эрудитті, ойлы ұрпақ қалыптастыру мүмкіндігі артады. Балалардың болашағы олардың дәл қазіргі уақытта қандай білім мен тәрбие алып жатқандығына тікелей байланысты. Демек, анимациялық фильмдер жасөспірімнің білім деңгейін арттырады, тәрбиелік қызмет атқарады және осылайша көпмәдениетті әлемдік қауымдастықта мәдени дамудың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

*Туякбаева А.Ш.<sup>1</sup>, Бауыржан А.Б.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова  
Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
Алматы, Казахстан*

*E-mail: <sup>1</sup>maulet74@mail.ru, <sup>2</sup>ayazhan.news@gmail.com*

*ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-9909-1720, <sup>2</sup>0000-0003-2876-1808*

### **Воспитательные принципы анимации, как средство формирования мировоззрения детей**

**Аннотация.** Целью данной статьи является рассмотрение воспитательных принципов анимации, как средство формирования мировоззрения детской аудитории. В статье акцентируется внимание на разнообразии функционального воздействия контента мультфильмов их жанровым разнообразии. Следующая важная часть статьи – это сравнительный анализ зарубежных и российских мультфильмов, их воспитательная и познавательная роль в социальном пространстве. Кроме зарубежных анимационных фильмов рассматриваются наши Казахстанские мультфильмы, их роль в духовно – нравственном воспитательном плане, в рамках государственной программы «Рухани жанғыру», которые больше всего транслируются на государственном телерадиоканале «Балапан». Важно, что в данной статье рассматривается продюсирование и финансирование зарубежных анимационных фильмов, такими известными мировыми компаниями как «ВВС», «Карусель» и «Nickelodeon», и анализ зрительского контента. Важно, сочетание в мультфильмах рекреативной, информативной и культурно-формирующей функций. Также определено содержание понятий «рекреация», «функция», «идеология», «культура». Отмечено, что, при вышеуказанных функциях контент анимационных фильмов может претендовать на высокое качество. Научная новизна заключается в междисциплинарной специфике освещаемой темы. В результате исследования были систематизированы принципы воздействия анимации на ключевую аудиторию. Анимация появляется, когда изображения и графика располагаются и воспроизводятся последовательно, чтобы создать впечатление движения. В связи с новыми тенденциями в образовании использование анимации в образовании становится все более популярным. Облегчает усвоение сложных понятий. Образовательная анимация использует наглядные пособия для обучения. Предоставляет абстрактные понятия с помощью наглядных пособий, чтобы дать детям четкое представление о знаниях. Отличительной чертой образовательной анимации является ее визуальное воздействие на детей. Современным детям не интересны старые медленно движущиеся мультфильмы. Однако анимационные ролики короткие и содержат только актуальный контент, что привлекает внимание детей. Анимация в образовании

отражает абстрактные понятия через виртуальную реальность. Обучающая анимация позволяет детям проводить эксперименты, которые в противном случае были бы опасными. Изображения виртуальной реальности показывают реальные эксперименты с полной точностью результатов.

**Ключевые слова:** дети, мультфильмы, образование, мировоззрение, развлечения.

**Tuyakbaeva A.Sh.<sup>1</sup>, Bauyrzhan A.B.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan

E-mail: <sup>1</sup>maulet74@mail.ru, <sup>2</sup>ayazhan.news@gmail.com

ORCID: <sup>1</sup>0000-0001-9909-1720, <sup>2</sup>0000-0003-2876-1808

### **Educational principles of animation, as a means of forming the world view of children**

**Annotation.** The purpose of the research is to study educational principles in animation as a means of formation the mindset of children's audience. The article focuses on the diversity of the functional impact of the content of cartoons and their genre diversity. The next important part of the article is a comparative analysis of foreign and Russian cartoons, their educational and cognitive role in the social space. In addition to foreign animated films, our Kazakhstani cartoons are considered, their role in the spiritual and moral educational plan, within the framework of the state program "Rukhani Zhangyru", which are most broadcast on the state television and radio channel "Balapan". It is important that this article discusses the production and financing of foreign animated films by such well-known world companies as Air Force, Karusel and Nickelodeon, and the analysis of viewer content. The author outlined how important is the combination of recreational, informative and culture shaping functions in cartoons. The author also defined the content of the concepts "recreation", "function", "ideology", "culture". It is noted that, with the above functions, the content of animated films can claim to be of high quality. Scientific novelty lies in the interdisciplinary specifics of the covered topic. As a result of the research, the key principles of the animation impact on the key audience were systematized. The article outlines the importance of attracting specialized professionals to create animated films. Animation occurs when images and graphics are arranged and played in sequence to give the impression of movement. Due to new trends in education, the use of animation in education is becoming more and more popular. Facilitates the assimilation of complex concepts. Educational animation uses visual aids for teaching. Provides abstract concepts through visual aids to give children a clear understanding of knowledge. The hallmark of educational animation is its visual impact on children. Modern children are not interested in old slow-moving cartoons. However, animations are short and contain only relevant content, which attracts the attention of children. Animation in education reflects abstract concepts through virtual reality. Educational animations allow children to perform experiments that would otherwise be dangerous. Virtual reality images show real experiments with full fidelity of results.

**Key words:** children, cartoons, education, outlook, entertainment.

#### **Информация об авторах:**

**Туякбаева Айгуль Шаймуратовна**, PhD искусствоведения, Казахской национальной академии искусств им. Т.Жүргенова. Алматы, Казахстан. E-mail: maulet74@mail.ru, ORCID: 0000-0001-9909-1720

**Бауыржан Аяжан Бауыржанқызы**, магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби. E-mail: ayazhan.news@gmail.com, ORCID: 0000-0003-2876-1808

#### **Әдебиеттер**

Бахтин М.Сөздік шығармашылдық эстетикасы. - Мәскеу: Өнер, 1979 ж. - 423б.(орыс)

Власенко А. Мультфильмдер және балаларға когнитивті әсер ету. www.yourbrain.health.ru (орыс).

Диего Маркес. www.VokrugTV.ru Даша саяхатшы (орыс).

Динозаврлармен серуендеу 3D. www.extinct-animals.fandom.com (орыс).

Жаксынқаева Ж.Т. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Ғылымдар педагогикасы» сериясы, №3 (43), 2014 ж. 188 МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ОЙЛАУ ӨНДЕУ ДАМУ ЕРЕК-ШЕЛІКТЕРІ (каз).

Көшенова Р.Н. М.Жұмабаевтың педагогика көзқарасы. Алматы, 1995 ж Педагогика ғыл. канд. автореф.: 01.00.01 – Алматы, 1995. – 24 б. (каз).

Нильсен, В. Бейнефильм құрылысы: операторлық шеберлігі теория және тәжірибе - М: ВАГРИУС, 2017.- 230 б. ISBN 978-5-9697-0795-5 (орыс)

Смирнова Е.О., Соколова М.В. Балалар мен жасөспірімдерге арналған мультфильмдерге психологиялық-педагогикалық сараптама // Мәдени-тарихи психология. 2014. Т. 10. № 4. С. 4—11. (орыс)

Туякбаева А.Ш. Қазақхалқының дәстүрлі рәсімдері мен әдет-ғұрыптары қазақ кинематографиясындағы рухани мәдениеттің көрінісі ретінде. // Environmental & Science Education International Journal. PP. 5182-5197. Мақала нөмірі: igese 2016. 384. Интернетте жарияланған: 11 тамыз 2016 ж. (ағылш).

[https://kk.wikipedia.org/wiki/ Мәдениет туралы түсінік \(каз\).](https://kk.wikipedia.org/wiki/Мәдениет_туралы_түсінік_(каз))

### Литература

Бахтин М. Эстетика словесного творчества Москва: Наука, 1979. – 423с. (рус).

Власенко А. Мультфильмы и познавательное воздействие на детей [www.yourbrain.health.ru](http://www.yourbrain.health.ru) (рус).

Диего Маркес. [www.VokrugTV.ru](http://www.VokrugTV.ru) Даша путешественница (рус).

Жаксынқаева Ж.Т. Особенности развития у детей дошкольного возраста. Вестник КАЗНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки», №3 (43), 2014 г. – 188с. (каз).

Кошенова Р.Н. Педагогические размышления М.Жумабаева. Алматы, 1995г. Канд. пед. наук. автореф.: 01.00.01 – Алматы, 1995. – 24 с. (каз).

Нильсен, В. Изобразительное построение фильма: Теория и практика операторского мастерства / В. Нильсен.- М: ВАГРИУС, 2017.- 230 с. ISBN 978-5-9697-0795-5 (рус).

Прогулка с динозаврами 3D. [www.extinct-animals.fandom.com](http://www.extinct-animals.fandom.com) (рус).

Смирнова Е.О., Соколова М.В. Психолого-педагогическая экспертиза мультфильмов для детей и подростков // Культурно-историческая психология. 2014. Т. 10. № 4. С 4 – 11. (рус).

Туякбаева А.Ш. Традиционные обряды и ритуалы казахского народа как отражение духовной культуры в казахском кинематографе. // Международный журнал экологического и научного образования. ПП. 5182-5197. Номер статьи: igese 2016. 384. Опубликовано в Интернете: 11 августа 2016 г. Просмотров статьи: 686. Статья загружена 770. (англ).

[https://kk.wikipedia.org/wiki/ Концепция культуры \(каз\).](https://kk.wikipedia.org/wiki/Концепция_культуры_(каз))

### References

Bakhtin M. Estetika slovesnogo tvorchestva (Aesthetics of verbal creativity) Moskva: Nauka, 1979. – 423p. (in Russ.).

Diego Marquez. [www.VokrugTV.ru](http://www.VokrugTV.ru) Dasha the traveler (in Russ).

Dinosaurlarmen seruendeu (Journey with dinosaurs 3D). [www.extinct-animals.fandom.com](http://www.extinct-animals.fandom.com) (in Russ).

Dzhaksynkaeva Zh.T. Abai atyndagy KazYPU-dyn Khabarshysy, «Pedagogika gylymdary» (Pedagogical sciences) No. 3 (43), 2014. 188 MEKTEP ZHASYNA DEYNGI BALALARDYN OILAU PROCESSING DAMU EREKSHELIKTERI. (in Kaz).

Koshenova R.N. «M. Zhumabaevtyн pedagogy kozkarastary». (Pedagogical approaches of M. Zhumabaev). Almaty, 1995 (in Kaz).

Nielsen, V. Beinefilm kurylysy: cameraman sheberligi theory zhane tazhiribe - Moskva: VAGRIUS, 2017. - 230 p. ISBN 978-5-9697-0795-5 (in Russ.)

Smirnova E.O., Sokolova M.V. Psychology-pedagogical expertiza mylftilmov dla detei I podrostkov // Klytlyrno - istoricheska psychology. 2014. V. 10. No. 4. S. 4-11. (in Russ)

Tuyakbaeva A.Sh. Traditional Ceremonies and Rituals of Kazakh People as the Reflection of the Spiritual Culture in the Kazakh Cinematograph. // International Journal of Environmental & Science Education. PP. 5182-5197. Article Number: igese 2016. 384. Published Online: August 11, 2016. Article Views: 686. Article Dnload 770. (in Eng).

Vlasenko A. Mulptilmy i poznovatelnoe vozdeystvie na detei (Cartoons and cognitive impact on children). [www.yourbrain.health.ru](http://www.yourbrain.health.ru) (in Russ).

[https://kk.wikipedia.org/wiki/ «Conzepzia culture» \(Understanding culture\) \(in Kaz\).](https://kk.wikipedia.org/wiki/«Conzepzia_culture»_(Understanding_culture)_(каз))